

### Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

ҚР ДСМ «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ жанындағы «8D10139 (6D110200) - Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес.

**Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:**

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер:

2022 ж. диссертациялық кеңестің 2 (екі) отырысы өткізілді.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Отырыстардың жартысынан кеміне қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі:

№	ТӘЖ	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	Оқу орны
1	Ермаханова Жанар Акбаровна	Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (МСАК) оңтайландыру	1. Булешов Мырзатай Абильдаевич - медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент медицина институты, Жоғарғы медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті, «Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасы, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы 2. Тузельбаев Нурдилла Кельжанович - медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ясауи	«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

			<p>атындағы Халықаралық казак – түрік университеті, Шымкент медицина институты, Жоғарғы медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті, №1 жалпы дәрігерлік практика кафедрасы, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы</p> <p>3. Мұстафа Нежми Илхан - PhD, MD, профессор, Гази университеті Қоғамдық денсаулық білімдері факультетінің деканы, Анкара қ., Түркия мемлекеті</p>	
Харин Азамат Дуйсенбекович	Қазақстанда 2030 жылға дейін жалпы практика дәрігерлеріне қажеттілікті жоспарлау және болжау	1. Омаркулов Бауыржан Каденович – медицина ғылымдарының кандидаты, «Қарағанды қаласының Медицина университеті» КеАҚ, Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіптік денсаулық институтының директоры, Қарағанды, Қазақстан Республикасы.	ҚР ДСМ «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ	
		2. Койков Виталий Викторович – медицина ғылымдарының докторы		

			профессор, «Астана Медицина университеті» КеАҚ ғылым жөніндегі проректоры. 3. Сон Ирина Михайловна – медицина ғылымдарының докторы, Ресей үздіксіз кәсіптік білім беру медициналық академиясының денсаулық сақтауды ұйымдастыру және қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының профессоры, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы	
--	--	--	---	--

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

1. Ермаханова Жанар Акбаровнаның «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (МСАК) оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарының қан айналым жүйесі ауруларының деңгейін, құрамын, даму динамикасы мен оларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын кешенді сараптау нәтижелеріне сүйене отырып, олардың денсаулығын арттыруға бағытталған. Қазақстан Республикасында геронтологиялық қызметті одан әрі дамыту және гериатриялық көмекті жетілдіру егде және қарт адамдарға жәрдем беруді ұйымдастырудың жеке мәселесі болып табылады. Мемлекеттегі демографиялық жағдайды барынша жақсарту және бейінді медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру денсаулық сақтау жүйесінің алдында тұрған маңызды міндет болып табылады. Елді мекендердегі тұрғындардың демографиялық жағдайына әлеуметтік маңызы жоғары қан айналым жүйесі ауруларынан туындайтын мүгедектік пен өлім оқиғаларының жылдан жылға арта түсуі байқалады. Емдеу - профилактикалық ұйымдары қан айналым жүйесі ауруларын сапалы көмекпен және оның қол жетімділігімен толық қамтамасыз ете алмай отыр. Бұл жағдай әсіресе, алғашқы медициналық - санитариялық көмек мекемелерінде орын алған. Сондықтан, медициналық көмек сапасының тиімділігін зерттеу және орын алған кемшіліктерді шешу - маңызды мәселе. Ғылыми диссертациялық жұмыстың тақырыбы осы өзекті мәселені ғылыми-теориялық тұрғыда шешіп, тәжірибеге медициналық, әлеуметтік тұрғыда тиімді профилактикалық бағдарламаларды негіздеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми

техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Ермаханова Жанар Акбаровнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы №822 бұйрығы, Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын және азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық Сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №281 бұйрығы, Қазақстан Республикасының халқына кардиологиялық, интервенциялық кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары туралы ережені бекіту туралы ҚР Денсаулық министрінің м.а 2011 жылғы 22 қыркүйектегі №647 бұйрығы, Қазақстан Республикасында кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 13 ақпандағы №102 қаулысы аясында орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 20 ғылыми еңбек жарық көрді:

- 3 мақала Scopus дерекқор қатарына кіретін шетелдік «National Journal of Physiology, Pharmacy and Pharmacology», «Drug Invention Today», «Electronic Journal of General Medicine» атты ғылыми-тәжірибелік журналдарда;
- 5 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда;
- 3 мақала Отандық ғылыми басылымдарда;
- 7 тезис Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдарында, оның ішінде алыс шетелдік 1 жарияланым баяндамасымен жасалынды «International occupational and environmental diseases congress», 27 - 29<sup>th</sup> March, 2017 in Antalya
- Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 2 оқу құралы жазылды.

**2. Харин Азамат Дуйсенбековичтің «Қазақстанда 2030 жылға дейін жалпы практика дәрігерлеріне қажеттілікті жоспарлау және болжау» диссертациялық жұмысы қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелеріне, атап айтқанда, алғашқы медициналық – санитариялық көмек үшін адам ресурстарын жоспарлау процестерін оңтайландыруға бағытталған.**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бүгінгі күні алғашқы медициналық – санитарлық көмек денсаулық мәселелерін шешуге және сәйкесінше қазіргі және болашақтағы азаматтардың әл-ауқатын арттыруға арналған экономикалық жоғары тиімді буын болып табылатынын мәлімдейді. Денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасындағы алғашқы медициналық – санитарлық көмекті дамытудың 2018 - 2022 жылдарға арналған негізгі бағыттары» бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламаның маңызды бөлігі персоналды жоспарлау мен болжаудың тиімді әдістемесін құру арқылы МСАК үшін кадрлық әлеуетті дамыту болып табылады. Жаһандық деңгейде денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі мен медициналық қызметтердің білімімен, дағдыларымен және мотивациясымен анықталатын жұмыс нәтижелеріне байланысты.

Кадр саласындағы ең қиыны – білікті жұмысшылардың санын дұрыс жоспарлау, бөлу құрылымындағы теңгерімсіздіктерді жою мәселелері. Көптеген денсаулық сақтау министрліктері болжаумен айналысады немесе, кем дегенде, олардың болашақ кадрларға қойылатын талаптарының қысқа мерзімді болжамдарын жасайды. Дегенмен, олар көбінесе денсаулық сақтаудағы ағымдағы немесе болашақ жоспарларына немесе елдің білім беру жүйесінің әлеуетіне нақты сілтемесіз дайындалады. Медициналық қызметкерлердің тапшылығына тап болған дамушы елдердің санаулысы денсаулық сақтау жүйелері үшін қажетті жұмыс күшінің инфрақұрылымын құру үшін білім мен денсаулық сақтау

салаларына инвестиция салуға бағытталған денсаулық сақтау саласындағы жұмыс күшінің егжей-тегжейлі саясаты мен стратегиялық жоспарларын әзірледі. Қазақстан сияқты көптеген елдер әлі күнге дейін жұмыс күшінің тығыздығына, таралуына және кәсіптік құрылымына назар аударатын және медициналық қызметкерлердің қажеттіліктерін анықтау үшін халық санын, деңгейлік мақсатты көрсеткіштерді пайдаланатын дәстүрлі денсаулық сақтау жұмыс күшін жоспарлау (НРН) әдісін қолданады. Бұл ғылыми жұмыс жоғарыда аталған мәселелерді шешуге арналған, осы мәселенің өзектілігін анықтайды.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18 - бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы алғашқы медициналық – санитарлық көмекті дамытудың 2018 - 2022 жылдарға арналған негізгі бағыттары» бағдарламасы аясында орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

- International conference on research paradigms transformation in social sciences: Irkutsk Nat Res Tech Univ, Irkutsk, Russia, 2018

- 9<sup>th</sup> Int'l Conference on Mathematical Modeling in the Physical Sciences September 7 - 10, 2020 Tinos island, Greece конференцияларында талқыланды.

Зерттеу нәтижелері 5 журналда жарияланды. Оның 1 - і шетелдік және халықаралық басылымдарда, 3 - еуі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертацияларының негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын журналдарда, 1 мақала «Скопус»-деректер қорының халықаралық журналына жарияланды.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

«ҚМУ» КеАҚ диссертациялық кеңесінің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер қаралып, бекітілді. Рецензенттер болып оқу және ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежелері мен атақтары мен жарияланымдары тағайындалды.

Рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске таңдалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығын, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытындыны бағалайтын жазбаша пікірлер ұсынды.

Докторанттардың ресми рецензенттерінің барлық пікірлері белгіленген мерзімде ұсынылды.

Диссертациялық «ҚМУ» Кеңес рецензенттердің жоғары кәсіби деңгейін және барлық рецензенттердің ғылыми принципті көрсете отырып, дәлелді қорытынды бере алатын мамандық бойынша терең білімі мен жетістіктері бар екенін айтады.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

ҚР ДСМ «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ жанындағы диссертациялық Кеңес диссертациялық кеңестердің өкілеттіктерін кеңейту жөніндегі ұсынысты қолдайды, өйткені бұл Болон декларациясының ережелерін қабылдауға бағытталған Қазақстандағы ғылымның даму логикасына сәйкес келеді. Диссертациялық кеңестердің өкілеттіктерін кеңейту бір жағынан олардың жауапкершілігін арттырады, екінші жағынан бәсекелестік

ортаны кеңейтуге мүмкіндік береді және тұтастай алғанда жоғары оқу орындарының имиджіне әсер етеді.

Өтпелі кезеңде ҚР Ғылым және жоғары білім Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертациялық кеңестерді лицензиялау қызметін және диссертациялық жұмыстардың талаптарға сәйкестігіне техникалық сараптаманы сақтау ұсынылады.

Диссертациялық жұмыстардың мазмұны бойынша сараптама диссертациялық кеңестерге қалдырылған жөн.

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының ерекшелігін ескере отырып, диссертациялық кеңестерге оларды қорғау кезінде диссертациялық жұмыстарды сараптау сапасын арттыру үшін диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде (нақты отырысқа) бейіні бойынша жетекші ғалымдарды қосуға рұқсат беруді ұсынамыз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 2;

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0.

Диссертациялық кеңестің төрағасы, м.ғ.к. \_\_\_\_\_ Б. К. Омаркулов  
қауымдастырылған профессор

Диссертациялық кеңестің \_\_\_\_\_ Ж. А. Даулеткалиева  
ғалым хатшысы, PhD

2023 жылғы 12 қаңтар